

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары

Жалпыұлттық идеяның миссиясы мен құндылықтары оқу-тәрбие жұмысының барлық түрлері арқылы кешенді түрде жүзеге асырылады.

Білім беру үдерісін ұйымдастырудың басты ерекшелігі *білім беру мен тәрбиенің бірлігі* болып табылады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛ – 2050: БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың

2014 жылдың 17 қаңтарындағы Жолдауы

Мәңгілік Ел – біз үшін ортақ тағдыр.

Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы.

Мәңгілік Ел - барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары:

- **Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана**
- **Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім**
- **Зайырлы қоғам және жоғары руханият**
- **Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу**
- **Жалпыға бірдей еңбек қоғамы**
- **Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы**
- **Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы**

► Құндылықтар

Құндылықтар Мемлекеттік білім беру стандартында қамтылған:

- білім берудің мақсаты мен міндеттерінде;
- Қазақстан халқын біріктіретін жалпыұлттық идеяларды жүзеге асырудағы мектептердің миссиясында: «Мәңгілік Ел», «Қазақстан – ортақ мекеніміз», «Қазақстан – менің Отаным».

Құндылықтарға сай қасиеттер Мемлекеттік білім беру стандартында құндылықтар тізіміндегі бағдарлар ретінде қарастырылған:

- қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, өмір бойы білім алу.

Қазақстандық қоғамның құндылықтары және білім беру құндылықтары



Идеяны жүзеге асыру тетіктері

Күтілетін нәтиже



**«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының
білім беру мазмұны арқылы
жүзеге асырылуы**



ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ

Құндылық: Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана

Мазмұны	Мақсаты	Оқу жаттығулары
<p>Қазақстан тарихы Қазақ хандығының құрылуына қандай факторлар себеп болды? (7-сынып)</p> <p>Кенесары көтерілісін қандай критерийлер бойынша <i>жалпы ұлттық қозғалыс</i> деп бағалаймыз? (8-сынып)</p> <p>Алаш партиясының халық қолдауына ие болу себебі неде? (9-сынып)</p>	<p>Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызы мен мәнін ашу</p> <p>Халықтың отаршылдық саясатқа қарсы азаттық күресінің мәні мен маңызын түсіну</p> <p>«Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті қалыптастырудағы саясатын талдау</p>	<p>Тәуелсіздіктің ұлт үшін қаншалықты маңызды екені туралы түсінік қалыптастыру және оған жетудегі қазақ халқының басынан өткен қиын-қыстау оқиғаларын өз бойынан өткізу. 7-9 сыныптарда өтілетін тақырыптар 10-сыныптағы тәуелсіздікке қатысты тақырыпқа келіп тіреледі. Сабақтар бір-бірімен сабақтасады</p>
<p>Қазақстан тарихы Н. Назарбаевтың Астананы көшіру стратегиялық шешімі (10-сынып)</p>	<p>Астананы Қазақстанның өркендеу нышаны ретінде бағалау</p>	<p>Түрлі деректерді қолданып, ҚР Елордасын көшіру себептерінің тізімін жасайды. Бес-алты себептерді маңыздылығына қарай «пирамидаға» орналастырады. Таңдауын түсіндіреді</p>



ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ

Құндылық: Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана

Мазмұны	Мақсаты	Оқу жаттығулары
Физика (8-сынып) Жер серіктері	Байқоңыр ғарыш айлағының аймақтық және халықаралық маңызын білу	Байқоңырдың орналасуына әсер ететін факторларды талқылау. Осы аймақта өмір сүретін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау талаптарын қарастыру. Осында жұмыс істейтін адамдардың мұқтажы және қолдау көрсету жолдарын талқылау. Ғарыш айлағы орналасқан жерді картадан табу және оның ерекшеліктерін талқылау.



ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Құндылық: Ұлттық бірлік, қоғамымыздағы бейбітшілік пен келісім

Мазмұны	Мақсаты	Оқу жаттығуы
<p>Қазақстан тарихы «Қазақстан-2050 стратегиясын» қабылдау қажеттілігі неден туындады? (10-сынып)</p>	<p>Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауатының артуына бағытталған мемлекеттік стратегияларды анықтап баға беру</p>	<p>«Қазақстан-2050 стратегиясының» негізгі бағыттарын талдау арқылы оқушылар оның қоғамдағы ұлттық бірлікті, бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету мүмкіндіктерін талдайды</p>
<p>Қазіргі әлемдегі Қазақстан Қазақстан өркениеттер мен мәдениеттер жүйесінде (11-сынып)</p>	<p>Мәдениеттер мен өркениеттердің алуантүрлілігін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын білу Мәдениеттер мен өркениеттер арасында шиеленістерді болдырмау жолдарын қарастыру</p>	<p>Әлемде болып жатқан өркениетаралық, ұлтаралық, дінаралық шиеленістердің себептерін, салдарын, таралу аймақтарын зерттейді; Қазақстанда өркениетаралық, ұлтаралық, дінаралық шиеленістерді болдырмау жөнінде ұсыныстарын аргументтер келтіріп жариялайды</p>
<p>Қазақ әдебиеті «Абай жолы» роман-эпопеясы (11-сынып)</p>	<p>Сын тұрғысынан пікір айту үшін әлем әдебиетіндегі құндылықтардың қазақ әдебиетімен үндесуін талдау, өзіндік ой қорыту</p>	<p>Оқушылар Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясымен танысады, шығармадағы ұлттық құндылықтың жалпыадамзаттық құндылықтармен үндесуін салыстыра отырып, шығармадан нақты мысалдар мен дәлелдер келтіреді</p>



ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ

Құндылық: Зайырлы қоғам және жоғары руханият

Мазмұны	Мақсаты	Оқу жаттығулары
<p>Қазақстан тарихы Қазіргі Қазақстан қоғамына дін қалай әсер етеді? (10-сынып)</p>	<p>Қазіргі мемлекеттік саясаттың дінаралық келісім және ішкі тұрақтылыққа ықпалын анықтап, бағалау</p>	<p>Конфессия, ар-ождан бостандығы, зайырлы мемлекет, толеранттылық ұғымдарын қолдана отырып, Қазақстандағы қазіргі діни жағдайды талдайды</p>
<p>Қазіргі әлемдегі Қазақстан Қазақстанның идеологиясы мен құндылықтары (11-сынып)</p>	<p>Әлемдік құндылықтар жүйесіндегі Қазақстанның алатын орнын, болашақ идеологияның бағыттары қалай айқындалатынын білу</p>	<p>Оқушылар құндылықтар мен идеологияның функцияларын анықтайды, түрлі адамдар мен ұйымдардың құндылықтары мен идеологиялық ұстанымдарын талдайды, салдар-себептерін түсіндіреді. Еліміздің құндылықтары мен идеологиясының негізгі бағыттарын 350 сөзден тұратын шағын монолог арқылы шетелдік азаматқа баяндап береді</p>
<p>Құқық негіздері Неліктен Конституция азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының негізгі кепілі болып табылады? (9-сынып)</p>	<p>Қазақстан Республикасындағы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау</p>	<p>Оқушылар Қазақстан Республикасындағы адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін анықтау үшін ҚР Конституциясымен танысады, баптарын талдайды. Адамның және азаматтың бостандықтарын қарастырған кезде, Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет екенін және кез келген адам қандай дінді ұстанатынын таңдау еркіндігі бар екенін тұжырымдайды</p>



ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ

Құндылық: Зайырлы қоғам және жоғары руханият

Мазмұны	Мақсаты	Оқу жаттығулары
<p>Физика (6-сынып)</p> <p>Астрономия</p>	<p>Тарихи уақыттағы астрономиялық идеялардың дамуын бағалау</p> <p>Шығыс астрономдарының астрономия ғылымына қосқан үлесін қарастыру</p>	<p>Оқушылар астрономияның даму тарихын зерделейді және аспан денелері туралы ежелгі және ортағасырдағы діни көзқарастардың қателіктерін анықтайды. Астрономия бойынша үйренген білімдерінің негізінде адамдардың астрономияға қызығушылық таныту себептері туралы сыни ойланады.</p>
<p>Қазақ тілі Ғылым этикасы (11-сынып)</p>	<p>Ғаламдық тақырыптардағы көтерілген мәселелер бойынша өзіндік стильде креативті эссе жазу</p>	<p>Қазақтың моральдық-этикалық тәрбиесін негізге ала отырып, оқушылар кәсіби және ғылыми этика туралы түрлі мәтіндермен танысады, салыстырады. Ғылыми этика саласындағы мәселелерді зерттей отырып, аргументативті эссе жазады.</p>



Құндылық: Индустрияландыру және инновация негізінде экономикалық өсу

Мазмұны	Мақсаты	Оқу жаттығулары
Қазіргі әлемдегі Қазақстан Қазақстанның экономикалық және технологиялық прогресі (12-сынып)	Экономикалық, технологиялық прогресс көрсеткіштерін, өлшеу әдістерін білу және қолдану	Экономикалық және технологиялық прогресті өлшейтін түрлі әдістермен танысады, Қазақстанның прогресін өлшейді, даму қарқындарын сақтау, артта қалу себептерін жою жөніндегі идеяларын әзірлеп, талқылайды



ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ

Құндылық: Жалпыға бірдей еңбек қоғамы

Мазмұны	Мақсаты	Оқу жаттығулары
<p>Құқық негіздері Еңбек қатынастары субъектілерінің құқықтары мен міндеттері (9-сынып)</p>	<p>Ерікті еңбек құқығы туралы түсінік алу Еңбек жағдайларын анықтау Жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін талдау</p>	<p>Оқушылар топта ҚР Конституциясының 24-бабын талдап, «Еңбек: құқық па, әлде міндет пе?» тақырыбында пікір бөліседі, 100 сөзден аспайтын шағын ой-толғау жазады Кейс-стади технологиясын қолдана отырып, еңбек жағдайларын (жұмыс уақыты, тынығу уақыты, жалақы), жұмыс берушінің және жұмыскердің құқықтары мен міндеттерін талдайды</p>
<p>Қазіргі әлемдегі Қазақстан Қазақстан прогресіндегі азаматтың алатын орны (12-сынып)</p>	<p>Мемлекеттің дамуында жеке азаматтың алатын орны мен рөлін анықтау</p>	<p>Түрлі индекстері мен рейтингтердегі жеке азаматтарға қатысты критерийлерді анықтайды және өздерінің азамат ретінде атқаратын рөліне баға береді Бүкіл Қазақстан азаматтары өз әлеуетін арттырған жағдайда елге тигізетін экономикалық, әлеуметтік әсерлерді пайымдайды</p>
<p>Қазақстан тарихы Түркі халықтарының өмір салты көшпелі қоғамды қалай сипаттайды? (7-сынып)</p>	<p>Көшпелі және отырықшы өркениеттер арасындағы өзара экономикалық байланыстарын табу Көшпелілердің қолөнер мен қолданбалы өнер жетістіктерін анықтау</p>	<p>Оқушылар көшпелі қоғам жетістіктерінен бүгінгі күнге дейін не жеткені туралы сұраққа жауап береді. Қазіргі күні олардың құндылығы неде? Шаруашылықта... Қолөнерде... Тұрмыста... Қазіргі заманғы ірі қала тұрғындары көшпелілерден нені үйрене алады? Оқушылар қоршаған ортаға деген қайырымдылық, табиғатпен үндестікте өмір сүруге, туған жерге құрмет, жерді бағалауға, қажырлы еңбек етуге үйренуге болады деп қорытындыға келеді</p>



ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ

Құндылық: Жалпыға бірдей еңбек қоғамы

Мазмұны	Мақсаты	Оқу жаттығулары
<p>Физика (7-сынып)</p> <p>Жұмыс және қуат</p>	<p>Механикалық жұмыс ұғымының физикалық мағынасын түсіну;</p> <p>Механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану</p> <p>$A=F*s,$ $N=A/t,$ $N=F*v;$</p>	<p>Оқушылар қуатты есептеуге арналған зерттеу жасайды. Алдымен қандай да бір заттың, мысалы, кітаптардың салмағын және еденнен жұмыс үстелінің бетіне дейінгі ұзындықты өлшейді. Бір оқушы кітапты жерден үстелдің бетімен бірдей биіктікте 30 сек. ұстап тұрады, екінші оқушы қанша кітап екенін санайды. Ара қашықтық пен кітаптардың салмағы арқылы орындалған жұмысты есептеуге болады. Нәтижені 30 секундқа бөлу арқылы қуатты есептеу шығаруға болады. Оқушылар әртүрлі мамандардың еңбек өнімділіктерін есептеп, өнімділікті жоғарылату жолдарын ұсынады.</p>
<p>Қазақ тілі</p> <p>Қазіргі заман құндылықтары: кім боламын?</p> <p>(7-сынып)</p>	<p>Қосымша ақпарат көздерінен алынған орта көлемді мәтіндерден (оқулық, газет, журнал, ғаламтор материалы) керекті мәліметті алу</p>	<p>Қазіргі заман құндылықтары, жастар көп таңдайтын мамандықтар және елімізге қажетті мамандық иелері туралы мақалалармен танысады, көтерілген мәселеге талдау жасай отырып, ақпаратты кесте, диаграмма түрінде ұсынады, таныстырады</p>



ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ

Құндылық: Жалпыға бірдей еңбек қоғамы

Мазмұны	Мақсаты	Оқу жаттығулары
<p>География «Дүниежүзі экономикасындағы Қазақстан Республикасының орны» тарауы (10-сынып)</p>	<p>Қазақстандағы отын-энергетика, металлургия, машина жасау, химия және тоқыма өндіріс орындарының құрылымы мен ерекшеліктерін талдайды, басты өнім түрлерін өндіру технологиясын қарастырады</p>	<p>Әр жұп зерттеу жасау үшін белгілі бір өндіріс саласын таңдайды. Олардың Қазақстан аумағы бойынша қай жерде орналасқанын және қай факторлар олар үшін әсіресе маңызды екенін анықтайды.</p> <p>Кейбір өнімді өндірудің факторларын, ресурстарын, технологиясын қарастырады, сол салада істейтін адамдарға қандай білім мен дағдылар қажет екендігін анықтайды. Зерттеу нәтижелерін графикалық түрде ұсынады</p>



ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ

Құндылық: Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы

Мазмұны	Мақсаты	Оқу жаттығулары
<p>Қазақстан тарихы Ұлттық мәдениеттің жаңғыруы және әлемдік мәдениеттер жүйесіндегі Қазақстан (10-сынып)</p>	<p>Қазіргі кездегі ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды білу</p>	<p>Қазіргі кездегі ұлттық құндылықтар мен мәдениетті жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды зерттейді, атқарылған мәдени іс-шараларды анықтайды (өнерде, спортта, т.б.)</p>
<p>Қазақ тілі Тіл мен мәдениет (7-сынып)</p>	<p>Бейнефильм, деректі фильм материалдарын тыңдайды, олардың тақырыбы мен идеясын түсінеді, талқылау</p>	<p>Қазақстандағы ұлттар, олардың мәдениеті мен тілі, ортақ тарихы туралы бейнематериал тамашалайды. Тақырыбы мен идеясы туралы топта талқылайды, өз ойларын ортаға салады, өмірден мысал келтіреді</p>



ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ

Құндылық: Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы

Мазмұны

Мақсаты

Оқу жаттығулары

Қазақ тілі
Жаһандану
(9-сынып)

Ғаламдық тақырыптардағы көтерілген мәселелерге стиль ерекшелігін сақтай отырып, ұсыныс хат жазу

Оқушылар «Қазіргі заманның жаһандық мәселелері» тақырыбында мақалалармен, мамандардың ойларымен танысады және талдау жасайды. «Жаһандық дағдарыстарды болдырмау жолдары» туралы ұсыныс хат жазады

Қазіргі Қазақстан
Геосаясат
Қазақстан
(12-сынып)

әлемдегі және

Қазақстанның қауіпсіздік саясатын талдау, артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау, күшейту жолдарын белгілеу

Оқушылар тобы ұлттық қауіпсіздік саясатының бір тармағын зерттейді, мысалы: бюджет; әскер; кейбір ішкі және сыртқы қауіптер және болашақтағы ықтимал қауіптер; дәстүрлі қауіпсіздік саясаты; болашақ ұлттық қауіпсіздік саясатына әсер ететін факторлар

Физика
(10-сынып)

Атомдық және ядролық физика -- ядролық физика және оның қолданылуы

Радиоактивті материалдарды өңдеу, қолдану және сақтау жолдарын сипаттау

Оқушылар келесі сұрақтарды зерттейді:

- Ядролық материалдарды тасымалдау;
- Чернобыль апатының зардабы;
- Фукусимо апатының зардабы;
- Ядролық реакторларды істен шығару;
- Атом энергиясын пайдалануды жақтау немесе қарсылығын негіздеу
- Ауруханаларда радиоактивті заттарды қолданғанда оларды дұрыс пайдалану;
- Ядролық қаруларды сынақтан өткізу зардабы



Құндылық: Индустрияландыру және инновация негізінде экономикалық өсу

Мазмұны

Мақсат

Оқу жаттығулары

Қазақ тілі

Ғылыми жаңалықтар мен технология
(8-сынып)

Әлеуметтік, білім және жалпы тақырыптар жайлы өз көзқарасын қоса отырып, диалог және монолог құрастырып айту

Ғылыми жаңалықтар мен технология түрлеріне байланысты жаңа сөздер, терминдермен танысады және жаңа технологиялар туралы бейнематериалдарды тыңдайды. Мәтіндердің стильдік және құрылымдық ерекшелігін сақтай отырып, өзі таңдаған ғылыми жаңалықтардың біріне монолог құрастырады

География

«Қазақстандағы туризмнің дамуы» тарауы
(11-сынып)

Бизнес мүмкіндіктерін анықтай алу;
зерттеу жоспарын дайындай алу;
бизнес жоспарды дайындай алу;
жобаны ұсына алу

Оқушылар туризмнің белгілі бір облысын зерттейді, туризм бойынша жоба үшін бизнес жоспар дайындайды және барлық топтар алдында ұсынады. Бизнес жоспарда туризмді дамыту үшін әр түрлі географиялық жерлердің артықшылықтары, сол сияқты дамуға кедергі келтіретін кемшіліктеріне баса назар аударылады